Бекітемін
Мектеп директоры
Сманов Е.К
26.08.2021 ж.

Ө.Сұлтанғазин атындағы жалпы білім беру мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін мектеп психологының жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Жүргізу әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімін жасау	Бақылау	Қыркүйек 1-2 апта	Психолог
2	ЕБҚЕ оқушыларға психологиялық қолдау көрсетілетіндігі туралы	Психологиялық сүйемелдеуді жүргізу	Жыл бойы	Психолог
3	Оқушылардың әлеуметтік бағдарлауына, бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.	Анықтама	Жыл бойы	Психолог. Әлеуметтік педагог
4	ЕБҚЕ балалардың сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасын анықтау.	Бақылау	Жыл бойы	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
5	ЕБҚЕ балалардың сабақтарына қатысу	Бақылау	Жыл бойы	Психолог
6	ЕБҚЕ балалардың отбасындағы психологиялық климатын анықтау	Әңгімелесу проективті тест « Менің отбасым»	1-2 жарты жылдықта	Психолог Әлеуметтік педагог
7	ЕБҚЕ балалардың психологиялық танымдық процестерінің өсу динамискасын анықтау	Динамикасын бақылауды тіркеу	1-2 жарты жылдықта	Психолог
8	ЕБҚЕ балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру	Кеңес журналға тіркеу		Психолог ДТІЖО Сынып жетекшілер
9	ЕБҚЕ балалармен жұмыстың ерекшелігі туралы педагогтарға кеңес беру	Семинар баяндама бейнероликтер	Қажеттілік бойынша	Психолог ДТІЖО Сынып жетекшілер
10	Жүргізілген жұмыстарға жылдық қорытынды шығару	Мектепішілік отырыста ұсыныстар айту	Мамыр	Психолог Пән мұғалімдері

Бекітемін

Мектеп директоры

Сманов Е.К

27.08.2022 ж.

Ө.Сұлтанғазин атындағы жалпы білім беру мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін мектеп психологының жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Жүргізу әдісі	Мерзімі	Жауапты
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімін жасау	Бақылау	Қыркүйек 1-2 апта	Психолог
2	ЕБҚЕ оқушыларға психологиялық қолдау көрсетілетіндігі туралы	Психологиялық сүйемелдеуді жүргізу	Жыл бойы	Психолог
3	Оқушылардың әлеуметтік бағдарлауына, бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.	Анықтама	Жыл бойы	Психолог. Әлеуметтік педагог
4	ЕБҚЕ балалардың сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасын анықтау.	Бақылау	Жыл бойы	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
5	ЕБҚЕ балалардың сабақтарына қатысу	Бақылау	Жыл бойы	Психолог
6	ЕБҚЕ балалардың отбасындағы психологиялық климатын анықтау	Әңгімелесу проективті тест « Менің отбасым»	1-2 жарты жылдықта	Психолог Әлеуметтік педагог
7	ЕБҚЕ балалардың психологиялық танымдық процестерінің өсу динамискасын анықтау	Динамикасын бақылауды тіркеу	1-2 жарты жылдықта	Психолог
8	ЕБҚЕ балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру	Кеңес журналға тіркеу		Психолог ДТІЖО Сынып жетекшілер
9	ЕБҚЕ балалармен жұмыстың ерекшелігі туралы педагогтарға кеңес беру	Семинар баяндама бейнероликтер	Қажеттілік бойынша	Психолог ДТІЖО Сынып жетекшілер
10	Жүргізілген жұмыстарға жылдық қорытынды шығару	Мектепішілік отырыста ұсыныстар айту	Мамыр	Психолог Пән мұғалімдері

ЕБҚЕ оқушыларға психологиялық қолдау көрсетілетіндігі туралы сүйемелдеуді жүргізу

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты - баланың құрдастарымен бір сыныпта оқуға және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Мамандардың міндеті дамытушы жұмысты өз әдістері мен тәсілдері арқылы, соның ішінде қысқартылған (бейімделген) білім беру бағдарламасын меңгерту үшін зиятының, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін (міндетті емес нормативтік) қамтамасыз ету. Психологпен, әлеуметтік педагогпен жеке бағдарламалар жасаған кезде, психологиялық-педагогикалық жұмыстың жалпы принциптерінен (жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу, іс-әрекеттік тәсіл және т. б.) басқа, келесі принциптерді ұстану қажет:

1) сыныптағы оқу қиындықтарын жеңуге жеке-дамыту жұмысының бағыттылығы. Психолог мектеп дағдыларын меңгеруге кедергі келтіретін психикалық функцияларының дамуы бойынша жұмыс істейді: жазу, оқу немесе есеп және т. б.

2) тұлғалық бағдар және жеке тәсіл: баланы тек проблемалары мен бұзылымдарына қарай емес, сонымен қатар өзінің қажеттіліктері мен уәждері, сондай-ақ даму үшін жеке ресурстары бар белсенді тұлға ретінде қабылдау. Мамандардың міндеті-баланың қажеттілігін ескеру және оқыту қиындықтарын жеңу мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Бағдарламаны жасау кезінде баланың әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар күшті жақтарын да ескеру, оның мүдделері мен қызығушылықтарына сүйену. Бұл приниципті іске асыру үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет: - бағдарламаның оқушы үшін қол жетімділігі; оның міндеттері баланың жақын даму аймағы ескеріле отырып қойылуы тиіс; - оқу мен мінез-құлықтың қиындықтарын жеңуге ғана емес, оларды тудыратын себептерге де бағдарлануы;

3) әлеуметтік, коммуникативтік бағыттылығы баламен жұмыс істеудің негізгі тәсілі ретінде; күнделікті өмірде қалыптасқан дағдыларды пайдалану қажеттілігін сезінгенде жағдайлар құру, жаттығулар, белсенділікті ұсыну: білім алу, ойында, қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік әрекеттесуде;

4) баламен жұмыс істеу бағыттары мен әдістерінің дербес таңдалуына қарамастан, түрлі профельдегі мамандар мен сынып мұғалімінің жұмыстағы мақсаттарының, тәсілдерінің, талаптарының сабақтастығы мен бірлігі.

5) ата-аналарды дамыту жұмысына белсенді тарту. Осы принциптерді іске асыру үшін мынадай шарттарды сақтау қажет:

- өмірдің түрлі салаларында баланың әлеуетін, күшті жақтарын және проблемаларын жақсы түсіну үшін ата-аналардың пікірін есепке алу;

- балаға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу үшін ата-аналармен әріптестік қарым-қатынасты және ынтымақтастықты дамыту;

- дамыту жұмысының бағдарламасын әзірлеу кезінде ата-аналардың сұранымын есепке алу;

- ата-аналарды үй жағдайында мамандардың ұсыныстарын орындауға (үй тапсырмалары) ата-аналардың мүмкіндіктері мен ресурстарына сүйене отырып және отбасы туралы мәліметті біле отырып тарту. Әрбір бала үшін бағдарламаның әзірленуі оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жеке әдістерді, тәсілдерді таңдауды және пайдалануды көздейді. Әрбір маман жеке зерттеу негізінде қандай бағыттар бойынша жұмыс істейтін, қандай әдістер

мен тәсілдерді пайдалануға болатынын өзі шешеді. Маман психологиялық-педагогикалық жұмыстың адек ватты әдістерін таңдау, баламен өз жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін заманауи және инновациялық психологиялық-педагогикалық технологияларын (арнайы және баламалы әдістерді) білуі және жақсы меңгеруі тиіс.

ЕБҚЕ балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру

Ата-анаға кеңес

Үй тапсырмасын орындау барысында төмендегі шарттарды сақтау қажет:

1. Егер де баланың дені сау, тамақтандырылған, ұстамды болған жағдайда ғана үй тапсырмасын орындауы қажет.

2 Үй тапсырмалары жүйелі түрде, күнделікті, логопедтің ұсынғаны бойынша орындалып отыруы қажет.

3 Міндетті түрде баланың тапсырмаларды орындау үшін кішкене айнамен жабдықталған (баланың тапсырмаларды орындау барысында өзін өзі бақылау үшін) орны болуы қажет, сондай –ақ артикуляциялық жаттығуларды орындау үшін қағаз майлықтары, түрлі түсті қарындаштар болуы тиіс т.б.

4 Тапсырмаларды бала өзі орындауы тиіс, ата-ана тек қана тапсырмалардың дұрыстығын бақылайды және керек жерде түзетулеріне болады.

5 Егер де бала тапсырмаларды орындау барысында шаршап қалса, оған демалуға мүмкіндік беру керек. Егер бала орындамағысы келсе, онда кейін бірақ міндетті орындалуы тиіс.

6 Егер де бала тапсырмаларды орындай алмай отырса, оны еш уақытта балағаттауға болмайды, алдында алған білімдерін жоғалтпау үшін өз күштері мен мүмкіндіктеріне сендіру үшін мақұлдаңыз, келесі тапсырманы орындатыңыз.

7 .Балаңызды жиірек мақтаңыз, өз күштеріндегі сенімділігін қалыптастырыңыз, жетістік ахуалын құрыңыз.

Адамның денсаулығы, денесінің дамуы мен ойлау қызметі оның дұрыс демалуына тікелей байланысты.Мысалы, сол және оң мұрын қуыстарымен арнайы тыныс алу жаттығулары мидың жұмыс істеуін жақсартады. Шыныққан тыныс алу бұлшық еттері адамның қаншылықты жұмысқа шыдамдылығын анықтайды, ағзаның суық тию аурулары және басқа ауруларға қарсы тұру қабілетін жақсартады. Дұрыс тыныс алу үшін тыныс алу бұлшық еттерін басқара білу қажет және әрдайым оны дамытып отыру керек.

Бірақ, мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс алу бұлшық еттері әлсіз, сондықтан оларға арнайы тыныс алу жаттығулары жасалған. Нүктелі уқалау – өз ағзаңа көмектесудің ең қарапайым түрі. Нүктелі уқалау жаттығулары балаларды өз денсаулығына қамқор болуға үйретеді және суық тиіп аурудың алдын алады.

1.Екі алақанды қосып, оларды қызғанша ысу.

2.Сілтеуіш саусақтармен мұрын қуысы жанындағы нүктелерді басу.

3.Сол жақ мұрын қуысымен ішке дем аламыз (оң жақ мұрын қуысын сілтеуіш саусақпен жауып тұрамыз), оң жақ мұрын қуысымен демді сыртқа шығармыз (сол жақ мұрын қуысын жауып тұрамыз).

4. Мұрын қуыстарымен ішке дем аламыз, ақырын ауыз арқылы сыртқа дем шығарамыз.

Ата-аналарға арналған кеңес. Тіл кемістігі бар балалардың қолдың ұсақ моторикасын дамыту әдістері мен тәсілдері.

Баланың тілі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың қалыпты дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Соңғы кезде балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады.

Оқушылардың әлеуметтік бағдарлауына, бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу – бұл жеке адамның белгілі бір жаңа ортаның жағдайына, ұжымның қатынас жүйесіне белсенді үйлесу үрдісі және соның нәтижесі.

Әлеуметтену – өмір бойы жүретін үздіксіз үрдіс. Әлеуметтену арқылы қоғам әлеуметтік жүйесін жаңғыртады, орнықтырады, өзінің әлеуметтік құрылымын құрайды, сақтайды,әлеуметтік эталондарды, стереотиптерді және стандарттарды, рөлдік үлгілерді қалыптастырады. Әлеуметтену жеке тұлғаның әлеуметтік типін жүзеге асырады, адамды қоғамға тұтастай, сонымен қатар жеке топтарға тән әлеуметтік тәжірибені, құндылықтарды, нормаларын, белгіленген тәртіптерін меңгерте отырып ортаға бейімдейді және кіріктіреді. Әлеуметтік бейімделу – тұлғаның қоғамда қабылданған мақсаттарды, құндылық нормаларын және тәртіп стилін қабылдау және меңгеру жолымен әлеуметтік орта жағдайына белсенді түрде икемделу үдерісі.

Мектеп – оқушының әлеуметтік бейімделу ортасы. Педагог кадрлар мен психологтар оқушы жай-күйін бағдарлап, жаңа ортаға абайлап бейімдеу үшін, алдындағы баланың психологиялық ерекшеліктері туралы деректер жинақтауы қажет. Оқушының оқуға қажетті психологиялық даярлық деңгейін психолог маманмен бірлесе отырып өткізілген әртүрлі іс-шаралар негізінде жинақтауға болады. Психолог баланың іс-әрекетін меңгеру арқылы барлық тәжірибені меңгеруіне және балаға әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын сезінуі кезінде өзіндік концепциясын құруға көмектеседі. Бұл жерде психологтың мақсаты — оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, кабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу. Психолог баланың ортаға бейімделуін, бала бойындағы үлгермеушілік, кері тартпалық, агрессиялық мінез-құлықтың болу себептерін анықтай отырып, оқушының ата-анасымен де жұмыс жүргізеді. Мұғалім, ата-ана, психолог бірлесе отырып, табысты түзету жұмыстарының нәтижесінде баланың ортаға бейімделуіне, өзін-өзі ұстауына, сабақ үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мектептегі осы бағыттағы психологиялық қызметтің ойдағыдай нәтиже беруі төмендегі мәселелерге:

-мектеп психологы мен педагогикалық ұжымның бірлесіп әрекет жасай білуіне, оқушылармен қарым-қатынас жасауда, оқу- тәрбиеүдерісінің күрделі мәселесін шешуде бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндіктеріне;

-психологиялық қызмет өз жұмысын ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен, балаларды қамқорлыққа алған мекемелермен, жасы толмағандар мен жеткіншектер инспекциясы және дәрігерлік мекемелермен бірлесіп жүргізгенде;

-психологиялық қызметті арнаулы психолог мамандар немесе қайтадан психологиялық даярлықтан өткен адамдар жүргізгенде;

-мектеп психологының психология ғылымдарының барлық салалары бойынша теориялық білім түрлерін меңгеріп, оны күнделікті өз тәжірибесінде дұрыс қолдана алған жағдайында;

-мектептегі психологиялық қызметтіңөз деңгейіне сай жүргізілуі үшін психологтар өз міндеттері мен құқықтарын жақсы білуіне тікелей байланысты болады.

Адамның іс-әрекетінің өнімділігі, өмірден рахат алу қабілеті және оның психикалық теңдігі бұзылыссыз болған жағдайдағы бейімделу үдерісін — адамның әлеуметтік ортаға жақсы бейімделгендігі деп айтуға болады.

ЕБҚЕ балалардың сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасын анықтау.

Баланың өзін-өзі анықтауы, қарым-қатынас ерекшеліктерін меңгеруі, өзге балалардың ортасында абыройлы болуы – үлкендермен қарым — қатынас жасау барысында жүзеге асады. Бала мінез-құлық мәдениетін меңгерудің қажеттілігін түсінгенімен ол қандай болу керектігін сонымен қатар, оны қалай дамыту керегін түсіне алмағандығынан балалар көптеген қателіктер жібереді. Сондықтан үйлесімді қарым-қатынас орнатуда бірінші көмекші болатын адам – мектеп психологы.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сынып ішінде басқа балалармен қарым қатынас ы өте жоғары деңгейде. Бір-біріне қиындықта коместеседі. Түсінбеген жер болса бір-бірінен көмек сұрай алады. Сабаққа қатысулары орташа деңгейде.Сабаққа үлгерімдері орташа деңгейде. Қызығушылықтары жоғары деңгейде. Мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысады. Сынып жетекшілер және пән мұғалімдерінің сабақ беру барысында оқушылардың сынып ішінде достарымен қарым-қатынасы жақсы екендігі талқыланды.

ЕБҚЕ балалармен жұмыстың ерекшелігі туралы педагогтарға кеңес беру

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ. Оқушының оқу қиындықтарының сипаты мен дәрежесіне қарай бір немесе бірнеше білім беру қажеттілігі анықталуы мүмкін. Оқушылардың ерекше білім қажеттілігі оқытудың кез келген кезеңінде пайда болады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау –оқу процесі барысында оқушыны қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу. Оқу процесі барысында қиындықтары бар балаларды анықтау және олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау екі деңгейде жүзеге асырылады.

Мұғалімнің оқушыны қолдау тәсілдері: - оқытудың вариативтік арнайы әдістерін қолдану; - сабақта жеке оқу материалдарын қолдану; -оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту; -бақылау материалдарын өзгерту; -сыныптағы оқу орнын белгілеу және бейімдеу; Егер оқушыда мұғалімнің жекелік көмегіне қарамастан бір немесе бірнеше пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары сақталса, онда мұғалім мектептік психологиялық-педагогикалық қызметінен көмек сұрайды. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тек ата-аналардың келісімімен жүзеге асырылады.